

11-САБАҚ БАЛАЛАР ДӘРІГЕРІНДЕ

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

шаю
қаралу
тыңдау
ұстау
көрсету

қызару
ұлғаю
іріңдеу
құшақтау
тамақтандыру

📖 2. Оқыңыз.

Қандай шағымыңыз бар?
Тұмаудың қандай белгілері бар?
Ауру белгілері қашан басталды?
Балаға қандай дәрі бердіңіз?
Тамағын шайыңыз.



57

11-САБАҚ

🎧 3. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

– Сәлеметсіз бе! _____ бола ма?
– Иә, _____.
– Қандай шағымыңыз _____?
– Баламның ыстығы _____.
– Қандай ауру _____?
– Ыстығы _____.
– Тағы қандай _____ бар?
– Жетелі бар.
– Жақсы.



58

11-САБАҚ



4. Сұқбатты оқыңыз.

– Балаңыз нешеде?

– Балам 4 жаста.

– Балаңызды құшақтаңыз.

– Жақсы.

– Маңдайын ұстаңыз, аузын ашыңыз. Балақай, тіліңді көрсет.

– Қазір.

– Балаңыздың тамағы қызарған, бездері ұлғайған. Ірің жоқ.

– Кеудесін тыңдайсыз ба?

– Әрине, тынысы қатқыл, құрғақ.

– Қандай дәрі беруге болады?

– жылы су беріңіз;
– жиі тамақтандырыңыз;
– тамағын шайыңыз;
– ыстығы 37 градустан жоғары болса, ыстығын түсіретін дәрі беріңіз.

– Жақсы, сау болыңыз!



59

11-САБАҚ



5. Сұқбат бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын белгілеңіз.



Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Баласы 5 жаста		
Баласының тамағы қызарған		
Бездері ұлғайған. Ірің бар.		
Тынысы қатқыл, құрғақ.		
Ыстығы 38 градустан жоғары болса, ыстығын түсіретін дәрі беріңіз		
Кеудесі ауырады.		

60

6. Сұқбаттың көмегімен сәйкестендіріңіз.

Тамағын	ұстаңыз
Жылы су	беріңіз
Балмен шай	шайыңыз
Балаңызды	беріңіз
Дәрігерге	барыңыз
Жиі	тамақтандырыңыз
Маңдайын	құшақтаңыз

7. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

- Балаңыз қалай ауырды?
- Қандай шағыммен келдіңіз?
- Қандай дәрі бердіңіз?
- Неген басталды?
- Қандай симптомдар бар?
- Тамағын шайыңыз.